

Көшірмесі

ҚАУЛЫ

2023 жылғы 19 мамыр

№2795-23-00-2-3м/683

Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы А.К. Исмаилов, хатшылықта А.Е. Талжимова отырып, прокурор Д. Джуманов, күдікті Ж.А. Башанов,

қорғаушысы – адвокат Б.Ж. Имашевтің қатысуларымен,

Орал қаласының мамандандырылған тергеу сотының сот мәжілісі залында, дыбыс-бейне жазба құралдарын қолданып, «ватцап» байланыс режимінде, ашық сот отырысында, Батыс Қазақстан облысы прокурорының орынбасары А.Ә. Сәтбаевпен келісім берілген, БҚО ПД-нің ЖТг тергеушісі Т. Жусупқалиевтің:

28.09.1970 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген, ұлты казак, Қазақстан Республикасы азаматы, орта білімді, заңды некеде жоқ, жұмыссыз, бұрын сотты болмаған, күзетпен ұсталғанға дейін Орал қаласы, Запаған кенті, Сыпыра-Жырау көшесі 10-үйде тұрған күдікті Жандарбек Амангельдиевич Башановқа қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы қозғаған өтінішхатын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

19.04.2022 жылы Орал ПБ-мен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі (ерінен қарап – ЖҚ-тан) 405-бабы 2-бөлігімен №222700031000560 санды қылмыстық іс тіркелген.

Сонымен қатар, 03.08.2022 жылы БҚО ПД ТБ-мен ЖҚ-тің 405-бабы 2-бөлігімен №222700031000047 санды қылмыстық іс тіркелген.

17.05.2023 жылы сағат 21.05-те аталған қылмысты жасаған деген күдік Ж.А. Башанов күдікті ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі (ерінен қарап – ЖҚ-тан) 128-бабының талаптарына сәйкес ұсталып, Орал қалалық ПБ-ның ҰҰИ-на қамалған.

19.05.2023 жылы күдікті Ж.А. Башановтың іс-әрекеті ЖҚ-тің 405-бабы 2-бөлігімен сараланған.

19.05.2023 жылы тергеуші күдікті Ж.А. Башановқа қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы сот алдында өтінішхат қозғап Батыс Қазақстан облыстық прокуратурасына жолдап, сол күні өтінішхат облыс прокурорының орынбасары А.Ә. А.Ә. Сәтбаевпен келісім беріліп, қылмыстық іс бойынша материалды қарау үшін Орал қаласының мамандандырылған тергеу сотына жолдаған.

Өтінішхатта, күдікті Ж.А. Башановқа қатысты күзетпен ұстауға негіз болған, соңғы басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдіктеліп, бостандықта жүрсе қылмыстық қудалау органдары мен соттан жасырынып, қылмыстық істің объективті және жан-жақты тергелуіне

немесе сотта қаралуына кедергі жасауы, сондай-ақ қылмыстық әрекетпен айналысуын жалғастыруы мүмкін деп уәжделген.

Сот отырысында прокурор Д. Джуманов өтінішхатты қолдап, күдікті Ж.А. Башановқа қатысты жоғарыда көрсетілген негіздерді ескеріп, соңығы қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасын 2 (екі) ай мерзімге санкциялауды сұрады.

Сот отырысында күдікті Ж.А. Башанов пен қорғаушысы – адвокат Б.Ж. Имашев өтінішхатпен келіспейтіндерін және тағылған күдік негізсіз екенін айтып, «үйімамак» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды сұрады.

Тергеу судьясы өтінішхат бойынша ұсынылған материалдарды зерттеп, процеске қатысушылардың пікірлерін тындап, өтінішхат келесі мән-жайлар бойынша қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп табады.

Себебі, ЖҚ-тің 136-бабы 1-1 бөлігіне сай – күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау кезінде, егер қатаңдығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шарасы болса, мұндай шараны қолдану мүмкіндігін қарау қажет делінген.

ЖҚ-тің 138-бабы 2-бөлігіне сәйкес – осы Кодекстің 136-бабында санамаланған негіздер болмаған кезде, жасалған қылмыстың ауырлығы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау үшін жалғыз негіз бола алмайды.

ЖҚ-тің 147-бабы 1-бөлігіне сәйкес, бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және басқа, қатаңдығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған кезде заңмен бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылады деп көрсетілген.

Алайда, өтінішхат пен оған тіркелген материалдар бойынша күдікті Ж.А. Башанов ауырлығы онша ауыр емес дәрежедегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасады деп күдіктеледі, оның салдарынан оры-толмас салдар туындамаған, сондай-ақ күдіктінің жеке басын, Орал қаласы аумағында тұрғылықты мекен-жайының барын, бұрын сотты болмағанын ескере отырып, тергеу судьясы күдікті Ж.А. Башановқа қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды тым қатаң деп санайды.

Сонымен қатар, қылмыстық қудалау органдарымен күдікті Ж.А. Башановтың бостандықта жүрсе қылмыстық қудалау органы немесе соттан жасырынып, қылмыстық істің объективті тергелуіне немесе сотта қаралуына кедергі жасауы, сондай-ақ қылмыспен айналысуын жалғастыруы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер тергеу сотына ұсынылмаған.

Сондықтан тергеу судьясы, күдікті Ж.А. Башановқа қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру үшін жеткілікті негіз жоқ деп танып, жоғарыда көрсетілген, яғни Орал қаласында тұрғылықты мекен-жайы барын ескере отырып, соңығы қатысты «үйімамак» түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды қажет деп санайды.

Сондай-ақ, тергеу судьясы өтінішхат пен оған тіркелген материалдарды зерделеп, Ж.А. Башановтың аталған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасады деген күдікті негізді деп табады.

Жоғарыдағы негізінде, ҚПК-тің 55, 56, 146, 147-148 баптарын басшылыққа ала отырып, тергеу судьясы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Батыс Қазақстан облысы прокурорының орынбасары А.Ә. Сәтбаевпен келісім берілген, БҚО ПД-нің ЖТт тергеушісі Т. Жусупкалиевтің, күдікті Жандарбек Амангельдиевич Башановқа катысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасын 2 (екі) айға санкциялау туралы қозғаған өтінішхаты – қанағаттандырудан бас тартылсын.

28.09.1970 жылы туылған күдікті Жандарбек Амангельдиевич Башановқа катысты 2 (екі) ай мерзімге, яғни 17.07.2023 жылғы 21 сағат 05 минутқа дейінгі мерзімге «үйкамак» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылсын.

Күдікті Ж.А. Башановқа келесі шектеулер қойылсын:

1) БҚО, Орал қаласы, Шаған кенті, Сыпыра-Жырау көшесі 10-үйден тергеу органдарының шақыртуы, сонымен қатар аса қажеттілік болған кезден басқа барлық уақытта шығуға тыйым салынсын;

2) ҚПК-тің 146-бабы 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, телефонмен сөйлесуге, хат-хабар жөнелтуге және байланыс құралдарын, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді пайдалануға тыйым салынсын;

3) белгілі бір адамдармен араласуға және кімді болса да үйінде қабылдауға тыйым салынсын;

4) сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүзеге асыратын органмен, прокурормен немесе сотпен белгіленген уақытта жеке өзінің келуі міндеттелсін.

Күдікті Ж.А. Башанов қамаудан дереу босатылсын.

Күдікті Ж.А. Башанов «үйкамак» түріндегі бұлтартпау шарасын бұзған жағдайда, қатаң бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін екені ескертілсін.

Таңдалған бұлтартпау шарасының орындалуын бақылау БҚО ПД-нің қызметкерлеріне жүктелсін.

Қаулының көшірмесі қылмыстық іс құжаттарына тіркеу үшін жолдансын.

Қаулыға 3 (үш) тәулік ішінде Орал қаласының мамандандырылған тергеу соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алкасына шағым және прокурор өтінішті келтіруге құқылы.

Тергеу судьясы
Көшірмесі дұрыс:

Тергеу судьясы



А.Қ. Исмайлов

А.Қ. Исмайлов